|                                                    |                     | <p><b>4.Демалуды қалыпқа келтіру</b><br/>         Тыныс алу жаттығулары.<br/>         Денсаулық ол – шыныққан<br/>         Барлық денең мүшесі.<br/>         Денсаулық ол - тыныққан<br/>         Жүйке тамыр жүйесі.<br/>         «Денсаулығымкеремет, жаттығуғарахмет!»<br/>         1,5 мин</p> |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                    |
| «Ас дәмді болсын»<br>Гигиеналық шаралары.Бесін ас. | 15:30<br>-<br>16:00 | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау                                                                                              |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                    |
| «Алақай! Ойнаймыз!»<br>Ойындар, дербес әрекет. .   | 16:00<br>-<br>16:20 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p><b>Үстел үсті театры</b><br/>«Суреттерді ретімен белгіле»</p> <p>«Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.</p> | <p><b>Дидактикалық ойын жаттығуы:</b><br/>«Дұрыс, бұрыс»<br/><b>Мақсаты:</b> Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.</p> | <p><b>Жұмбақ жасыру:</b><br/>Күміс қанат, сұңқары, Көкке еркін сүнгиді Бұлттан да тым әрі, Кеткенжандыкімдей ді?<br/>(ұшқыш)</p> | Мына ойыншықтың қызығын-ай.<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды серуенде ойнайтын ойыншықтармен таныстырып,ол ойыншықтармен серуенге шыққанда құмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.                                        |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар   |                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p><b>Жеке баламен жұмыс:</b><br/><b>Мақсаты:</b>Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы тақырыптарда әңгімелесуді үйренді.</p>               | <p><b>Жеке баламен жұмыс:</b><br/><b>Мақсаты:</b>Табиғатты ң маусымдық тақырыптарда әңгімелесуге қызығушылық танытты</p>                                                                       | <p><b>Мақсаты:</b>Отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын көңіл – күйді түсіну</p>                     | <p><b>Тіл ұстарту жаттығуы</b><br/>Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.</p> |

|                                                                                                                  |                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                              |                                                                                                                                                                                 |                                                                                   |                                                                                                                                                                                                               |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Серуенге дайындық.                                                                                               | <b>16:20</b><br>-<br><b>16:30</b> | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.                     |                                                                                                              |                                                                                                                                                                                 |                                                                                   |                                                                                                                                                                                                               |
| Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары                                                                                | <b>16:30</b><br>-<br><b>17:15</b> | <b>«Бұларкім?Жекетұлғаларкомандасы».</b><br>Екітопқаәйгілімультфильмніңкейіпкерлеріұсынылады. Топтар оларды көрсетеді, екінші топ кім екенін анықтау керек, кейіпкерлердің мінез-құлықын сипаттау керек.                                                                                                                                      | <b>«Мақал-мәтелдер»</b><br><b>Мақсаты:</b> достық туралы мақал-мәтелдер үйрету, айтқызу, тілдерін жаттықтыру | <b>Дидактикалықойын : «Иәнемесежоқ»</b><br><b>Шарты:</b> тәрбиешісөйлемдерді айтады, балалар келісетініндерін немесе келіспейтіндерін «иә», «жоқ» деген жауаптарымен білдіреді. | <b>«Аққу-қаздар»</b><br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері         | <b>«Бұларкім?Жеке тұлғаларкомандасы».</b><br>Екі топқа әйгілі мультфильмнің кейіпкерлері ұсынылады. Топтар оларды көрсетеді, екінші топ кім екенін анықтау керек, кейіпкерлердің мінез-құлықын сипаттау керек |
| Серуеннен оралу.                                                                                                 | <b>17:15</b><br>-<br><b>17:30</b> | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау                                                                                                                                                                                          |                                                                                                              |                                                                                                                                                                                 |                                                                                   |                                                                                                                                                                                                               |
| <b>«Ас дәмді болсын»</b><br>Гигиеналық шаралар<br>Кешкі ас                                                       | <b>17:30</b><br>-<br><b>18:00</b> | Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу<br>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. |                                                                                                              |                                                                                                                                                                                 |                                                                                   |                                                                                                                                                                                                               |
| <b>«Қош бол, балабақша!»</b><br>Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы. | <b>18:00</b><br>-<br><b>18:30</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | «Тәрбие отбасынан басталады» ата-аналарға арналған кеңестер                                                  | <b>«Менің ойыншықтарым»</b><br><b>Тақпак</b><br>Ойыншықтарым көп менің<br>Бәрін жақсы көремін<br>Кешке дейін жалықпай<br>Біргеойнапжүремін                                      | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.<br>Әдептіліксөздердіүйретуінескертү. | » Әңгіме:<br>«Меніңдостарым                                                                                                                                                                                   |

# ЦИКЛОГРАММА

11-апта (09.05.2022-13.05.2022 ж.)

Кіші «Балапан»тобы

Өтпелі тақырып:«Әрқашан күн сөнбесін»

| Күн тәртібі                                                                                                                                         | Уақыты            | Дүйсенбі<br>09.05.2022ж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сейсенбі<br>10.05.2022ж                                                                                                                   | Сәрсенбі<br>11.05.2022ж                                                                                | Бейсенбі<br>12.05.2022ж                                                                                                                                                   | Жұма<br>13.05.2022ж                                                              |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| «Сәлеметсіңдер ме, балалар?»<br>Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу)<br>Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б.<br><br>Таңертеңгі дене шынықтыру | 8:00<br>-<br>8:30 | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:Мен жасай аламын туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                           |                                                                                                        |                                                                                                                                                                           |                                                                                  |
|                                                                                                                                                     |                   | Өзіндісалыстыр.<br>Балаларшеңберішіндет ұрады. Жүргізуші ер баланыңбелгісінайтқан кездеолараяқпенжердіт арсылдатып, қызбаланыңбелгісінайт қанда, қолменшапалақтаукерек                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Әр ұлттардың билерінің элементтері<br>Мақсаты<br>Нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен у, қазақ халқының гүлдер биінің элементтері | Үстел үсті ойындары «Қарама – қарсы жұптарын тап»<br>Көңілді пазлдар: Ою өрнектерден мозайка құрастыру | Балалар мен дос бола білейік<br>Мақсаты: Балаларды басқа балабақшадағы, ауладағы балалармен дос болуға баулу, балалармен тілдік қарым-қатынас мәдениетін сақтауға үйрету. | Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр»Балалармен ізгі сөздер айтып әңгімелесу |
|                                                                                                                                                     |                   | Таңертеңгі жаттығулар кешені №4.Құралмен 5-6минут<br>Мақсаты:Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                           |                                                                                                        |                                                                                                                                                                           |                                                                                  |
| Гигиеналық шаралар<br>Таңғы ас                                                                                                                      | 8:30<br>-<br>9:00 | Ойын- жаттығу<br><br>Айнаға қараймын<br>Шашымды тараймын.<br>Бақытты боламын,<br>Сымбатты боламын.<br>Әрқаша тазамын,<br>Бәрінен озамын.<br><br>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау<br>Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу<br>Бата:«Астарыңыз дәмді болсын»<br>Асың-асың-асыңа<br>Береке берсін басыңа<br>Алла бізді қолдасын<br>Ешжамандықболмасын |                                                                                                                                           |                                                                                                        |                                                                                                                                                                           |                                                                                  |
|                                                                                                                                                     | 9:00              | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                           |                                                                                                        |                                                                                                                                                                           |                                                                                  |

|                                                                                                                                                   |                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ойындар,<br>ұйымдастырылған<br>оқу қызметіне<br>(ҰОҚ) дайындық                                                                                    | -<br><b>9:15</b>                | Ауадан қуат алайық,<br>Алақанға салайық.<br>Жерден нәр алайық,<br>Алақанға салайық.<br>Күннен шуақ алайық,<br>Алақанға салайық.<br>Күн шуағын апайларға<br>сыйлайық!                                                                                                                          | Жарқырап күнде<br>ашылды<br>Айнала гүл шашылды.<br>Біз – нәзік қыздармыз!<br>Біз – ер жүрек<br>ұлдармыз!<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге жүрсін бүлдіршін.<br>Қыз қолында гүл<br>жүрсін,<br>Ұл қолында ту жүрсін.<br>Қайырлы күн,<br>достарым!                                                                                                                                                                      | Қане, қане тұрайық,<br>Үлкен шеңбер<br>құрайық.<br>Құрсақ енді<br>шеңберді,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Сол жақтағы балаға<br>Шапалақта-шапалақ                                                                                                                                                    | Біз кішкентай<br>балдырған,<br>Сескенбейбіз<br>жаңбырдан.<br>Төбемізде қолшатыр,<br>Алдымызда жол<br>жатыр                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Біз аякпен<br>топылдаймыз,<br>Біз қолмен<br>шапалақтаймыз.<br>Баспен біз<br>шайқаймыз,<br>Қолды жоғары<br>көтереміз,<br>Одан кейін<br>түсіреміз,<br>Одан кейін<br>ақырын,<br>Орнымызға<br>жүреміз                                                                             |
| «Ойнайықта та,<br>ойлайық»<br>Ұйымдастырылған<br>оқу қызметтері<br>(Үзілісті<br>қосқандағы жалпы<br>ұзақтығы.<br>Үзілісте: Дәруменді<br>таңғы ас) | <b>9:15</b><br>-<br><b>9:45</b> | <b>Жаратылыстану</b><br><b>Тақырыбы</b> :«Біз қалай<br>ойнаймыз»<br><b>Мақсаты:</b> «Біз қалай<br>ойнаймыз»туралы айту<br>білігін бекіту<br><b>Музыка</b><br><b>Тақырыбы</b> :«Ботақан»<br><b>Мақсаты:</b> «Ботақан»<br>балаларды<br>ұқыптылыққа<br>тәрбиелеу, музыкалық<br>қабілетін дамыту. | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы</b><br>:«Белгіленген жерге<br>дейін қосақтасып<br>жүгіру.»<br><b>Мақсаты:</b> Меңгерген<br>іскерлік,ептілік<br>дағдыларды<br>бекітіп:шағын топпен<br>тұру,педагогтың<br>соңынан<br>жүру,жүгіру.Тура<br>жолмен жүгіруді үйрету<br><b>Музыка</b><br><b>Тақырыбы</b> :«Ботақан»<br><b>Мақсаты:</b> «Ботақан»<br>балаларды<br>ұқыптылыққа<br>тәрбиелеу, музыкалық<br>қабілетін дамыту. | <b>Көркем әдебиет</b><br><b>Тақырыбы:</b><br>«Жазда»<br><b>Мақсаты:</b> «Жазда»<br>туралы түсінігін<br>кеңейту<br><b>Сурет салу</b><br><b>Тақырыбы:</b><br>«Адамның бейнесін<br>салу.»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды<br>«Адамның бейнесін<br>салу.»<br>суретіне салуға, түс<br>үйлесімділігін бере<br>білуге үйрету. | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы</b> :«Аяқ<br>ұшымен жүру»<br><b>Мақсаты:</b> Меңгерген<br>іскерлік,ептілік<br>дағдыларды<br>бекітіп:шағын топпен<br>тұру,педагогтың<br>соңынан<br>жүру,жүгіру.Тура<br>жолмен жүгіруді<br>үйрету<br><b>Құрастыру</b><br><b>Тақырыбы</b> :«Төбешік»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларды<br>олардың<br>түсін,пішінін,көлемін,а<br>жырата алуға және<br>құрылыс<br>материалдарын<br>кенестікте дұрыс<br>орналастыра білуге<br>дағдылан<br>дыру, ұқыпты жұмыс<br>жасай білуге тәрбиелеу | <b>Дене</b><br><b>шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b><br>«Отырып допты<br>бір-біріне<br>домалату.»<br><b>Мақсаты:</b> Меңгер<br>ген<br>іскерлік,ептілік<br>дағдыларды<br>бекітіп:шағын<br>топпен<br>тұру,педагогтың<br>соңынан<br>жүру,жүгіру.Тура<br>жолмен жүгіруді<br>үйрету |

|                                                     |                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------------------------------------|---------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| «Табиғат аясына бірге бармыз»<br>Серуенге дайындық. | 09:45<br>-<br>10:05 | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Серуен                                              | 10:05<br>-<br>11:30 | <p><b>Күнге бақылау жасау</b><br/><i>Бақылау</i><br/>Бақылау<br/>Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету(жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту. Қимылды ойын <b>«Күн мен бұлт»</b><br/>Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады.<br/>Еңбек әрекеті<br/><b>Гүл тұқымын топыраққа егу.</b><br/>Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.</p> | <p>Бақылау. Ауа- райын бақылау.<br/><b>Мақсаты:</b> Бүгін күн қалай? Жылы ма, салқын ба бақылату. Оны қайдан және қалай аңғарып тұрсындар? Сұрақтарға нақты және толық жауап беруге үйрету.<br/>2. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты», «Кім тез жетеді?».</p> | <p><b>Ағаштарға бақылау жасау.</b><br/>Бақылау<br/>Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау: ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Терек пен аққайыңның бұтағын салыстыру(аққайыңның бұтағы жіңішке, иілгіш, қабығы қоңыр-қызыл, бүрі ұсақ, бұтақта бір-бірлеп орналасқан; терек бұтағы аққайыңға қарағанда жуан, қабығы сұрғылт-жасыл, бүрі ірі, ұзын, жабысқақ және хош иісті, бір-бірлеп өседі)Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін</p> | <p>Бақылау. Аспанды бақылау.<br/><b>Мақсаты:</b> Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту. Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру.<br/>2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Бұлтты және ашық күн», «Қуыспақ».</p> | <p><b>Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.</b><br/>Бақылау<br/>Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету<br/>Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей»<br/>Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br/>Еңбек іс-әрекеті<br/>Ауладағы қураған шөпті жинау<br/>Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау,</p> |

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | <p>Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама</p> <p><u>Тапсырма 1.</u> Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту.</p> <p><u>Қорытынды.</u> Алдымен темір заттар қызады.</p> <p><u>Тапсырма 2.</u> Қай зат тез ысиды?</p> <p><u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды.</p> <p><u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру.</p> <p><u>Қорытынды.</u> Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық.</p> <p><b>Өзіндік іс-әрекет</b></p> <p>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу</p> |  | <p>қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.</p> <p>Қимылды ойын</p> <p><b>«Ағаштан ағашқа»</b></p> <p>Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту. (кімде-кім аз секірсе сол, жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу</p> <p>Еңбек іс-әрекеті</p> <p><b>Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.</b></p> <p>Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеп, келесі бақылауды ұйымдастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама</p> <p><b>«Біздің үй қайсы, тап?»</b></p> <p>Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын</p> |  | <p>зембілмен оны апару).</p> <p>Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықта рын тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойындар.</p> <p>Тәжірибе мен сараптамалар</p> <p>Тапсырма.</p> <p>Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.</p> <p>Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету.</p> <p>Сөздік-логикалық ойын дамыту, қойылған сұраққа жауап таба білуге дағдыландыру.</p> <p>Өзіндік іс-әрекет</p> <p>Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> <p>Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды</p> |
|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                      |                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                   |                                 |                                    |                                                                          |
